

БЕКІТЕМІН
«Медициналық технологиялар және
ақпараттық жүйелер орталығы»
акционерлік қоғамының
Президенті
Е.Н. Дәуенов
2026 жыл



ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы дербес деректердің құпиялылық саясаты (бұдан әрі – **Саясат**) Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының **«Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы** (бұдан әрі – **«МТАЖО» АҚ**) пайдаланушыдан (кері байланыс нысанын толтырған, <https://cmtisedu.kz> ресми сайтының (бұдан әрі – **Портал**) басқа сервистерін пайдаланатын тұлғадан), атап айтқанда пікірлерді немесе сұрақтарды жіберу, қызметтерді және (немесе) жұмыстарды тапсырыс беру және (немесе) көрсету және (немесе) өзге де өзара іс-қимыл барысында алуы мүмкін барлық дербес деректерге қолданылады.

1.2. Осы Саясат мынадай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

– Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V **«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы;**

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ **«Киберқауіпсіздік туралы» Заңы;**

– Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 199/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 маусымда № 32889 болып тіркелген **«Меншік иесінің және (немесе) оператордың өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы»;**

– Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ **«Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі»;**

– дербес деректерді өңдеу және қорғау мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

1.3. Порталдағы кері байланыс нысанын толтырып, онда орналасқан **«Келісемін»** батырмасын басу арқылы, сондай-ақ Порталдың басқа сервистерін пайдалану кезінде өзінің дербес деректерін көрсете отырып, пайдаланушы осы Саясатпен және онда көрсетілген өзінің дербес деректерін өңдеу және беру талаптарымен келісетінін білдіреді. Пайдаланушы осы

Саясатта көзделген көлемде және мақсаттарда, Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 7–9-баптарына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді.

1.4. Портал пайдаланушылары осы Саясатпен (толық немесе ішінара) келіспеген, сондай-ақ дербес деректерін ұсынуға келіспеген жағдайда, нысанды толтырудан және (немесе) Порталдың басқа сервистерін пайдаланудан бас тартуы тиіс.

1.5. Пайдаланушы берген келісім дербес деректерді жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), пайдалануды, Оператордың деректер базаларына (оның ішінде электрондық деректер базаларына) енгізуді, «МТАЖО» АҚ ішінде басқа бөлімдер мен құрылымдық бөлімшелерге немесе дербес деректерді қорғау туралы шарт талаптарын орындауға міндеттенетін қызметтерді және (немесе) жұмыстарды жеткізушіге беруді, сондай-ақ дербес деректерді бұғаттауды, иесіздендіруді және жоюды қамтиды.

1.6. Пайдаланушы берген келісім мынадай дербес деректерге қолданылады: тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефоны, пайдаланушыға жіберілген хабарламалардың қаралғаны туралы деректер.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

2.1. Осы Саясатта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

2.1.1. Дербес деректер — электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, белгілі бір немесе олардың негізінде айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты мәліметтер.

2.1.2. Дербес деректер субъектісі (Пайдаланушы) — дербес деректері өзіне қатысты болатын және CmtisEdu білім беру платформасын пайдаланатын жеке тұлға.

2.1.3. Дербес деректері бар деректер базасының операторы (Оператор) — Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы, пайдаланушылардың дербес деректерін жинауды, өңдеуді, сақтауды және қорғауды жүзеге асыратын тұлға.

2.1.4. Дербес деректерді өңдеу — дербес деректерді жинауға, тіркеуге, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға, беруге, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға және жойып жіберуге бағытталған әрекеттер.

2.1.5. Дербес деректерді жинау — дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін алуға бағытталған әрекеттер.

2.1.6. Дербес деректерді қорғау — дербес деректерге заңсыз қол жеткізуді, оларды өзгертуді, таратуды, жоюды немесе өзге де заңсыз әрекеттерді болғызбауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық және құқықтық шаралар кешені.

2.1.7. Портал — Интернет желісінде <https://cmtisedu.kz> мекенжайында орналастырылған, қашықтан оқытуды ұйымдастыруға, тестілеуден өтуге, білім беру бағдарламаларын басқаруға және пайдаланушыларға өзге де сервистерді ұсынуға арналған **CmtisEdu** білім беру платформасы.

2.1.8. Есептік жазба — пайдаланушыны сәйкестендіруге және оған Порталдың функционалдық мүмкіндіктеріне қол жеткізуге қажетті деректердің жиынтығы.

2.1.9. Cookie — пайдаланушының браузері оның құрылғысында сақтайтын және Порталдың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету, пайдаланушыны аутентификациялау, пайдаланушы параметрлерін сақтау және көрсетілетін сервистердің сапасын арттыру мақсатында пайдаланылатын шағын мәтіндік файл.

2.1.10. Дербес деректерді иесіздендіру — қосымша ақпаратты пайдаланбай, дербес деректердің нақты бір субъектіге тиесілі екенін анықтау мүмкін болмайтын әрекеттер.

3. ОПЕРАТОР ЖИНАЙТЫН ЖӘНЕ ӨНДЕЙТІН ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

3.1. Осы Саясат шеңберінде пайдаланушының дербес деректері деп пайдаланушының Порталдағы кері байланыс нысанын толтыру кезінде, Порталдың басқа сервистерін пайдалану кезінде, Порталда тіркелу (есептік жазба жасау) кезінде немесе «МТАЖО» АҚ көрсететін қызметтерді пайдалану барысында өзі туралы дербес ұсынатын деректері түсініледі. Тиісті ақпарат нақты белгіленеді және оған, атап айтқанда: тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайы, лауазымы, пайдаланушы жұмыс істейтін ұйымның атауы, байланыс телефоны жатады. Пайдаланушы қызмет көрсету барысында ұсынатын ақпаратқа, атап айтқанда, пайдаланушыға жіберілген хабарламаларды қарау туралы ақпарат жатады.

3.2. «МТАЖО» АҚ пайдаланушының шынайы дербес деректерді ұсынатынын, сондай-ақ пайдаланушының мұндай дербес деректерді ұсынуға құқығы бар екенін негізге алады.

4. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС АҚПАРАТЫН ӨНДЕУ МАҚСАТТАРЫ

4.1. «МТАЖО» АҚ пайдаланушылардың дербес деректерін Порталдың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, білім беру қызметтерін көрсету, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау және осы Саясатта көзделген өзге де заңды мақсаттарды іске асыру үшін қажетті көлемде ғана жинауды және өндеуді жүзеге асырады.

4.2. Дербес деректерді өндеу Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес және тек мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

4.2.1. Есептік жазбаны құру және Порталдың функционалын пайдалану кезінде пайдаланушыларды тіркеу, сәйкестендіру және аутентификациялау.

4.2.2. Пайдаланушыға білім беру платформасына, оқу курстарына, тестілеуге, электрондық оқу материалдарына, практикалық тапсырмаларға және Порталдың өзге де сервистеріне қолжетімділік беру.

4.2.3. Оқыту процесін ұйымдастыруды, сүйемелдеуді және есепке алуды қамтамасыз ету, оның ішінде:

- пайдаланушыларды курстарға тіркеу;
- оқытудың электрондық журналын жүргізу;
- тестілеу және қорытынды аттестаттау нәтижелерін есепке алу;
- пайдаланушының оқу тарихын қалыптастыру және сақтау.

4.2.4. Оқудан өткенін немесе білім беру бағдарламасын табысты меңгергенін растайтын электрондық сертификаттарды, куәліктерді және өзге де құжаттарды қалыптастыру, беру және сақтау.

4.2.5. Пайдаланушыларды электрондық пошта, телефон байланысы немесе өзге де байланыс құралдары арқылы:

- Порталда тіркелуі туралы;
- оқу кестесіндегі өзгерістер туралы;
- курстардың басталуы және аяқталуы туралы;
- оқу нәтижелері туралы;
- техникалық жұмыстар туралы;
- Порталды пайдалану талаптарының өзгеруі және оның жұмыс істеуіне байланысты өзге де хабарламалар туралы хабардар ету.

4.2.6. Пайдаланушыларға техникалық қолдау көрсету, Портал арқылы келіп түсетін өтініштерді, ұсыныстарды, пікірлерді және сұрауларды өңдеу.

4.2.7. Порталдың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу, алаяқтық әрекеттерді анықтау және олардың алдын алу, дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу журналдарын жүргізу.

4.2.8. Иесіздендірілген немесе жинақталған деректерді пайдалана отырып, статистикалық талдау жүргізу, Портал жұмысының сапасын мониторингтеу, білім беру бағдарламаларына сұранысты талдау және Порталдың функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіру.

4.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «МТАЖО» АҚ-на жүктелген міндеттерді орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен мемлекеттік органдардың талаптарын орындау.

4.2.10. Оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру платформасының қызметімен тікелей байланысты өзге де функцияларды орындау.

4.3. Дербес деректер оларды бастапқы жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін мақсаттарда өңделмейді. Осы Саясатта көзделмеген өзге мақсат үшін дербес деректерді өңдеу қажет болған жағдайда, мұндай өңдеу дербес деректер субъектісінің жеке келісімі болған кезде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

5. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА БЕРУ

5.1. «МТАЖО» АҚ пайдаланушылардың дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Саясатта көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жарияламайды.

5.2. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру тек мынадай жағдайларда ғана жол беріледі:

5.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген дербес деректер субъектісінің келісімі болған кезде.

5.2.2. Егер дербес деректерді беру пайдаланушыға білім беру платформасының қызметтерін көрсету, шартты орындау немесе Порталдың жұмысын қамтамасыз етуге байланысты функцияларды орындау үшін қажет болған жағдайда.

5.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына.

5.2.4. Порталды сүйемелдеу, техникалық қолдау көрсету, жаңғырту, әкімшілендіру, резервтік көшіру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсететін ұйымдарға, олардың Қазақстан Республикасының **«Дербес деректер және оларды қорғау туралы»** Заңының талаптарын сақтау шартымен.

5.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген өзге де жағдайларда.

5.3. Өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты немесе жасалған шарттардың негізінде дербес деректерге қол жеткізген тұлғалар дербес деректердің құпиялылығын сақтауға және оларды қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

5.4. Дербес деректерді Қазақстан Республикасынан тыс жерге беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен, дербес деректердің тиісті қорғалу деңгейі қамтамасыз етілген жағдайда не дербес деректер субъектісінің келісімі болған кезде ғана жол беріледі.

5.5. **«МТАЖО» АҚ** пайдаланушылардың дербес деректерін коммерциялық мақсаттарда үшінші тұлғаларға сатуды, айырбастауды, таратуды немесе өзге де түрде беруді жүзеге асырмайды.

6. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

6.1. **«МТАЖО» АҚ** пайдаланушылардың дербес деректерін заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіріп алудан, таратудан, ұсынудан, жоғалтудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін Қазақстан Республикасының **«Дербес деректер**

және оларды қорғау туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының **«Киберқауіпсіздік туралы»** Заңының талаптарына сәйкес қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және құқықтық шараларды қабылдайды.

6.2. Дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғам мынадай қорғау шараларын қолданады:

- ақпараттық жүйеге пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарын шектеу;
- пайдаланушыларды сәйкестендіру және аутентификациялау;
- деректерді берудің қорғалған хаттамаларын (HTTPS/TLS) пайдалану;
- ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу және аудит жүргізу;
- ақпараттың резервтік көшірмесін жасау;
- ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау;
- вирусқа қарсы қорғау құралдарын және ақпараттық қауіпсіздік қатерлерін анықтау құралдарын қолдану;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді тұрақты жаңарту және анықталған осалдықтарды жою;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және **«МТАЖО» АҚ** ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де шаралар.

6.3. Білім беру платформасы пайдаланушыларының дербес деректері Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан серверлерде Қазақстан Республикасының **«Дербес деректер және оларды қорғау туралы»** Заңының және Қазақстан Республикасының **«Киберқауіпсіздік туралы»** Заңының талаптары сақтала отырып сақталады.

6.4. Дербес деректерге қол жеткізу тек осындай қолжетімділік лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажет болатын **«МТАЖО» АҚ** қызметкерлеріне, сондай-ақ құпиялылықты сақтау және дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттемелерді көздейтін шарттар негізінде тартылған тұлғаларға ғана беріледі.

6.5. Дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізу фактілері немесе ақпараттық қауіпсіздіктің өзге де инциденттері анықталған жағдайда, **«МТАЖО» АҚ** Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және ішкі регламенттерге сәйкес оларды оқшаулау, салдарын жою және олардың қайталануына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

7. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің дербес деректерінің қорғалуына құқылы.

7.2. Пайдаланушының құқығы бар:

7.2.1. Өзінің дербес деректерінің болуы, құрамы, алыну көздері, өндеу тәсілдері мен мақсаттары туралы ақпарат алуға.

7.2.2. Өзінің дербес деректері толық емес, ескірген немесе анық емес болған жағдайда оларды нақтылауды, жаңартуды, өзгертуді немесе толықтыруды талап етуге.

7.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өзінің дербес деректерін бұғаттауды немесе жоюды талап етуге.

7.2.4. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұрын берілген дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін кері қайтарып алуға.

7.2.5. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге байланысты «МТАЖО» АҚ әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) уәкілетті мемлекеттік органға немесе сот тәртібімен шағым жасауға.

7.2.6. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

7.3. Пайдаланушы міндетті:

7.3.1. Порталда тіркелу және оны пайдалану кезінде шынайы, толық және өзекті дербес деректерді ұсынуға.

7.3.2. Дербес деректері өзгерген жағдайда оларды уактылы жаңартуға.

7.3.3. Өзінің есептік деректерін (логинін, құпия сөзін және өзге де аутентификациялау құралдарын) үшінші тұлғаларға бермеуге, олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге және олар жоғалған немесе рұқсатсыз қол жеткізуге күдік туған жағдайда Портал әкімшілігін дереу хабардар етуге.

7.3.4. Пайдаланушылық келісімнің, осы Құпиялылық саясатының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға.

8. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ОПЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. «МТАЖО» АҚ пайдаланушылардың дербес деректерін Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес жинауды, өңдеуді, сақтауды және қорғауды жүзеге асырады.

8.2. «МТАЖО» АҚ міндетті:

8.2.1. Дербес деректерді жинау мен өңдеудің заңдылығын қамтамасыз етуге.

8.2.2. Дербес деректерді тек осы Саясатта көзделген мақсаттар үшін ғана пайдалануға.

8.2.3. Дербес деректерді заңсыз қол жеткізуден, өзгертуден, таратудан, жоюдан немесе өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау бойынша қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және құқықтық шараларды қабылдауға.

8.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге.

8.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен дербес деректер субъектісіне оның дербес деректерінің өңделуі туралы ақпарат ұсынуға.

8.2.6. Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қарауға.

8.3. «МТАЖО» АҚ құқылы:

8.3.1. Пайдаланушы Пайдаланушылық келісімнің, осы Саясаттың немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда оның Порталға қолжетімділігін шектеуге немесе тоқтата тұруға.

8.3.2. Егер тиісті қызметті көрсету үшін қажетті дербес деректерді ұсыну міндетті болып табылса және пайдаланушы оларды ұсынбаған жағдайда, Порталдың жекелеген сервистеріне қолжетімділік беруден бас тартуға.

8.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда пайдаланушылардың дербес деректерін олардың келісімінсіз өңдеуге.

8.3.4. Осы Құпиялылық саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге. Егер Саясаттың жаңа редакциясында өзгеше мерзім белгіленбесе, Саясаттың жаңа редакциясы Порталда орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді.

9. СООКІЕ ФАЙЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

9.1. Порталды пайдалану кезінде Порталдың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оны пайдаланудың қолайлылығын арттыру, пайдаланушы сессияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және статистикалық ақпарат алу үшін Cookie файлдары және өзге де ұқсас технологиялар қолданылуы мүмкін.

9.2. Cookie файлдары тек мынадай мақсаттарда пайдаланылады:

- пайдаланушыны аутентификациялау және сәйкестендіру;
- пайдаланушы параметрлерін сақтау;
- Порталдың функционалдық мүмкіндіктерінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- пайдаланушылардың есептік жазбаларын рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау;
- Порталды пайдалануын талдау және көрсетілетін сервистердің сапасын арттыру.

9.3. Пайдаланушы өз браузерінің баптаулары арқылы Cookie файлдарын пайдалануды дербес шектеуге немесе өшіруге құқылы. Бұл ретте жекелеген Cookie файлдарын өшіру Порталдың функционалдық мүмкіндіктерінің шектелуіне әкелуі мүмкін.

9.4. Cookie файлдарын пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ МЕРЗІМДЕРІ

10.1. Пайдаланушылардың дербес деректері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында неғұрлым ұзақ сақтау мерзімі белгіленбесе, оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзім ішінде сақталады.

10.2. Өңдеу мақсаттарына қол жеткізілгеннен кейін дербес деректер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, жойылуға немесе иесіздендіруге жатады.

10.3. Дербес деректер мынадай жағдайларда неғұрлым ұзақ сақталуы мүмкін:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін;
- шарттық міндеттемелерді орындау үшін;
- пайдаланушылардың өтініштерін қарау үшін;
- «МТАЖО» АҚ-ның заңды мүдделерін қорғау үшін.

11. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУГЕ БЕРІЛГЕН КЕЛІСІМДІ КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ

11.1. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілмен немесе «МТАЖО» АҚ-на жазбаша өтініш жолдау арқылы дербес деректерді жинауға және өңдеуге бұрын берген келісімін кез келген уақытта кері қайтарып алуға құқылы.

11.2. Келісімді кері қайтарып алу туралы өтінішті алғаннан кейін «МТАЖО» АҚ, егер оларды одан әрі өңдеуге өзге де заңды негіздер болмаса, дербес деректерді өңдеуді тоқтатады және олардың жойылуын немесе иесіздендірілуін қамтамасыз етеді.

11.3. Келісімді кері қайтарып алу оны алғанға дейін жүзеге асырылған дербес деректерді өңдеудің заңдылығына әсер етпейді.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Осы Саясат бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және оның жаңа редакциясы қабылданғанға дейін қолданылады.

12.2. Саясаттың өзекті редакциясы Порталда еркін қолжетімділікте орналастырылады.

12.3. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.4. Дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша пайдаланушы Порталда орналастырылған байланыс деректері арқылы «МТАЖО» АҚ-на жүгіне алады.

13. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

13.1. Дербес деректердің операторы:

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Медициналық технологиялар және ақпараттық жүйелер орталығы» акционерлік қоғамы

Заңды мекенжайы: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 63

БСН: 120940001946

Телефон: 75-37-04, 75-37-03, 75-37-13

E-mail: cmtis@cmtis.udp-rk.kz

Ресми сайт: <https://cmtisedu.kz>